



## БҰЙРЫҚ

01 қыркүйек 2022 ж.  
Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№ 100  
город Балхаш

### Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында Қарағанды облысы білім басқармасының 2022 жыл 14 қыркүйегіндегі №559 бұйрығы, Балқаш қаласы білім бөлімінің 2022 жыл 15 қыркүйегіндегі №229 бұйрығын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ-сінде:

- жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;
- кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге ақша жинауға;
- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
- жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
- білім беру ұйымдарының қызметкерілерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға

оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;

- тәрбиелеу жұмысын орындау аясында білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілісін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);


- оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

- ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдерге тиісті шаралар қабылдансын;

2. Осы бұйрықты білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



К.Т.Рахимберлина